

ӘОЖ 338.38

БУРАБАЙ ӨңІРІНІҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА АРҚЫЛЫ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Бахитова Аяужан Абильдаевна

bahitova_ayauzhan@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 3 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – магистр, аға оқытушы, Мукатова Р.А.

Туризм – жер жаһандағы ең үдемелі түрде дамып келе жатқан салалардың бірі. Туризм саласы көптеген дамыған және дамушы мемлекеттердің экономикасында ойып тұрып орын алады.

Қазақстан экономикасы әлеуетінің қазіргі заманға сай ұсынып отырған маңызды міндеттер қатарында курорттық зоналық аймақтарды басқару жүйелерін дамыту және жетілдіру шараларының кешені айшықталған. Курорттық-зоналық аймақтардың пайда болғанына аса көп уақыт болған жоқ, әйтсе де олардың қазіргі таңда даму қарқыны орасан зор. Курорттық-зоналық аймақтарды басқару және дамыту туристік өнімнің ажырамас бір бөлшегі болып табылады.

Курортты-зоналық аймақтар отанымыздың халқының денсаулығын арттыруда аса маңызды орын алады. Бұрынғы кеңестік шипажай жүйесінен шыққан еліміздің курорттық-зоналық кешені нарық жағдайында қайта құрылып, коммерцияланып туризм дамуында маңызды рөлге ие болды.

Бурабай – Қазақстаннан тыс жердегі танымал курорт. Бурабайға Қазақстанның түпкір түпкірінен, ТМД елдерінен он мыңдаған туристер өзінің денсаулығын жақсарту үшін, табиғи байлықтармен танысу үшін және көңіл көтеріп дем алу үшін келеді [1].

Бұл мақаланың өзектілігі: Бурабай – қазақ даласының ортасындағы нағыз оазис. Бұл «Бурабай» саябағының аумағында орналасқан таңғажайып орын. Курорт қонақтарды табиғи, таза ауамен, көлдермен, көркем тау шыңдарымен, қылқан жапырақты ормандармен тартады. Жергілікті тұрғындар бұл мекенді «Қазақ Швейцариясы» деп атайды. Дегенмен, «Қазақ Швейцариясына» туристер көп келе бермейді. Бурабай – Ақмола облысы туристері үшін демалыс орны, халықтың қала шуынан шаршаған кездегі таза ауамен тыныс алып, бір серпініп қалатын тыныш, қала маңындағы өңір болып табылады. Бірақ бағаларының жоғары болуы және қызмет көрсету деңгейі қойылған бағаға сәйкес келмеу себебінен туристердің көңілінен шықпайды. Бәрімізге белгілі Нұр-Сұлтан қаласы іскерлік туризм орталығы болып табылады. Келу және ішкі туризмдегі 60%-ды іскерлік туризм алып отыр. Ал басқа мақсаттағы туризм түрлері дамыған аймақтар Алматы, Түркістан және т.б. облыстары болып табылады. Осы себепті Бурабайдағы туристік потенциалды арттыру мақсатында стратегиялық талдау негізінде жүйелі және өзекті жоба қажет. Менің ұсынысым Бурабайда бәсекеге сай кешен ашу.

Кешенді жізеге асыру үшін Бурабай өңіріне толықтай анализ жасалды. Яғни оған әсер ететін ішкі орта факторлары келесі:


- өнеркәсіп;

- шағын кәсіпкерлік;
- инвестициялар;
- құрылыс;
- мәдениет;
- жастар саясаты;
- қоғамдық қауіпсіздік.

Ең алдымен басты факторларға тоқталып кетсек:

Туризм. Ауданда саны 2016 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өскен, біржолғы сыйымдылығы 12 мың адамдық, 167 туризм және демалыс объектісі жұмыс істейді. 22 туристік фирма жұмыс істейді, оның ішінде 19 заңды тұлға және 3 жеке кәсіпкерлік (сурет 1).

Ауданның туристік фирмаларымен туристің саяхат кезеңіндегі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті қызмет көрсетулердің барлық түрлері (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гид-аудармашылардың қызметтері және сапар мақсатына қарай көрсетілетін басқа да қызметтер) сапар мақсаттарына байланысты) ұсынылады.



■ Туристік фирма ■ Заңды тұлға ■ Жеке кәсіпкерлік

Сурет 1. Бурабайдағы туристік кәсіпкерліктер саны

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында 29 экскурсиялық маршрут әзірленді және бекітілді, оның ішінде 19 жаяу, 2 атпен, 1 велосипедпен, 1 суда және 6 автобуспен.

Щучье-Бурабай курорттық аймағын одан әрі дамыту мақсатында 2017-2020 жылдарға арналған, Ақмола облысының ЩБКА дамыту жоспары әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 04.11. № 709 қаулысымен бекітілді, ол төрт бөлімнен және 34 іс-шарадан (ІІІ-кезең) тұрады. Жоспарға жалпы сомасы 61,3 млрд. теңгеге инфрақұрылымдық және экологиялық проблемаларды шешу, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ЩБКА-ның туристік әлеуетін дамыту бойынша іс-шаралар енгізілген [2].

Сондай-ақ, Бурабай кенті орталық алаңы мен жағажайы ауданында, бар жаяу жүргіншілер маршруттарында, орталық бөліктен жағалау аймағына туристердің ерсілі-қарсылы жүруі үшін желекжол жайластыруды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Щучье көлінде (Щучье шипажайы ауданы) ұйымдастырылған жағажай орналастыру үшін жағалау аумағын өсімдіктерден (қамыс, тал бұталары және шырғанақ) санитарлық тазалау және жер бедерін құммен жоспарлау жоспарланып отыр.

Әулікөл (Бурабай), Щучье, Үлкен және Кіші Шабакты көлдерінің жағалау аймағы бойында биодәретханалар мен киім ауыстыруға арналған кабиналар қою жоспарланып отыр.

Әкімдік инвесторлармен бірлесіп 2018 жылы ойын-сауықтық қызмет көрсету кешенін кеңейтуге бағытталған жобаларды, оның ішінде Бурабай кентінде алаңы 0,3 гектарда ашық аквабаяқ, Сарыбұлақ ауылында алаңы 16 гектарда ипподром салуды іске асыруды пысықтауда.

Сонымен қатар, өткен жылы гольф-клуб, «Назарбаев Университеті» ғылыми-сауықтыру кешенін және Щучинск қаласында республикалық шаңғы базасын салу жалғасты.


Маркетинг. Әлеуметтік желілерде де белсенді жұмыс жүргізілуде, «Вконтакте», «Facebook», «Instagram»-да «Бурабай ауданының жастар ресурстық орталығы» тобы құрылды, ол ауданның жастар және ішкі саясат мәселелерін түсіндірумен, келеңсіз контенттерді анықтау үшін жергілікті жастар интернет-қоғамдастықтарының мониторингісімен, қоғамдық көңіл-күйдің диагностикасымен, әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтаумен айналысады. Осы мақсаттар үшін осы жылдан бастап қосымша БАҚ-менеджердің (әлеуметтік желілерде жұмыс бойынша маман) штаттық бірлігі енгізілді [3].

Қазіргі кезде Бурабайда 204 орналасу орны бар. Мұнда есепті кезеңде орта есеппен алынған қызметкерлердің орташа тізімдік саны 1453 адам, оның ішінде 541 ер адам, 912 әйел адам бар. Сонымен қатар маусымдық жұмысшылар көп - 112 адам. Маусымдық жұмысшылардың болуы туристік мекемелердің белгілі бір маусымда ғана жұмыс атқаратындығын көрсетеді. Системада күнделікті процесстер, ақпарат көзі, қаржылық жағдай, бастысы жобаның керек еместігін анықтайтын сауалнама беріледі. Күнделікті процесстерді біз екіге бөліп қарастырдық: жаз\ қыс айлары. Жазда туристер көбінесе жағажайда суға түскенді ұнатады, сонымен қатар табиғатпен үндесіп қыдырады. Қыста коньки, шаңғы тебеді. Басты ақпарат көзі БАҚ-тан алынады немесе Бурабай ауданының ресми сайтынан алынады. Дағдылар мен ерекшеліктер жиынтығы – Бурабайдың табиғатымен таңғалдыру. Құндылықтар жиынтығы резидент/резидент емес туристердің біздің Бурабайға келіп, қала шуынан демалып, денсаулығын нығайту [4].

Ұсынылып отырған жоба – «КНАН Ordasy» іскерлік тур және демалыс орталығы. Бурабай Ақмола облысында орналасқан, ал бұл өңірде бизнес және іскерлік туризм дамыған. Туризмнің 60 %-ын іскерлік туризм алып жатыр. Оған себеп болған біздің елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы. Климаты қыс мезгілінде суық болуы, табиғи-рекреациялық жерлердің аздығы, бар болса да дамымауы туризмге әсер етіп отыр. Ал Елордамыздан 2 сағаттық жерде, Еуразия жүрегінде орналасқан Бурабай көрікті мекені қазіргі кезде өте қымбат бағалары мен тылсым табиғатымен танымалы. Біз бұл екі факторды есепке алып бұл жобаны жүзеге асырған дұрыс деп санаймын. Сонымен бұл орталықта келесі объектілер болады.

Бурабай бүгінгі күні Қазақстандағы туристік тартымдылығы жоғары орталық. Талдау нәтижесіне сүйенсек өңірдің туристік әлеуеті өте жоғары. Бұл өңірдің табиғи-туристік ресурстары тарихи-танымдық, этникалық, экстерималды туризм түрлерін қалыптастырып дамытуға қолайлы жағдайлар жасайды, яғни туристік ресурстарды бағдарына сай дұрыс әрі оңтайлы түрде тиімді пайдалану жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тартымдылықты қалыптастырушы элементтері ретінде сарқылмайтын табиғат ресурстарын, Қазақстанның солтүстік шекараға жақын орналасуы (Ресей туристерін тарту), Еуразия жүрегінде, Елорда маңында болуын атап өтуге болады. Сонымен қатар инвестициялық тартымдылығы жоғары, Бурабайдың орналасу орны тек жоғарыда айтылған факторлармен шектеліп қалмайды, маңында Имантау, Зеренді, Шалқар секілді туристік потенциалы жоғары жерлер бар.

Атаулы орталықтың ішкі және сыртқы әсер ету факторларын талдау нәтижесінде келесідей көзқарастарды қалыптастырдым. Бүгінгі таңда Бурабайдың туристік әлеуетіне әр түрлі факторлар әсер етуде. Сипаты бойынша ол факторларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады және олардың қатарына өнеркәсіп, шағын кәсіпкерлік, инвестициялар, құрылыс, мәдениет, жастар саясаты, қоғамдық қауіпсіздік сияқты факторларды жатқызуға болады



Сурет 2. «KHAN Ordasy» орталығындағы объектілер

Жалпы заманауи туристік тенденцияға сәйкес Бурабай аймағында келесі сипаттағы туристік орталықтарды қалыптастырған жөн.

Жалпы стратегиялық талдау негізінде «KHAN Ordasy» жобасын іске асырған жөн. Бұл орталықтар бүгінгі таңда келесі оңтайлы тенденцияларды қалыптастыруға негіз қалайды: қосымша жұмыс орындарын қалыптастыру, экономикалық серпіліс беру, яғни мемлекетке салық төлеу арқылы біз қазынаға табыс түсіреміз және әлеуметтік әсер жағынан халыққа рухани баюға мүмкіндік тудырамыз. Басты қол жеткізетін нәтиже – осы аталған факторлар негізінде инфрақұрылымды дамыту арқылы келуші туристердің саны ұлғайту.

Бенчмаркингке сүйеніп дүниежүзілік тәжірибеге көз жүгіртсек, әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің экономикасына нұқсан келтіріп, жылдар бойы жетілген қарқынды даму тетіктерін шайқалтып кеткен дүниежүзілік дағдарыс кезеңінде туристік инфрақұрылымы ежелден қалыптасқан әлем елдері экономиканы тұрақтандырудың, әрі оның дамуын бірқалыпты өрістетудің бір жолы ретінде туризмге арқа сүйеген болатын. Туризм – ел экономикасын кемелдендірудің тиімді жолы мен қомақты кіріс көзі.

Жалпы атаулы жобаны жүзеге асырылуы әлеуметтік және экономикалық маңыздылыққа ие. Әлеуметтік тараптан жобаның жүзеге асырылуы келесі мүмкіндіктерді қалыптастырады: жұмыс орындарының қалыптасуы, қазақ елінің мәдени және тарихы құндылықтарының сақталуы және насихатталуы, өнімнің әлеуметтік жағдайының артуы және т.б. Ал, экономикалық тараптан қарастыратын болсақ жобаның жүзеге асырылуы өнімге келушілердің санын арттыра отырып жалпы туризм саласынан түсетін түсімді 1.5 есе арттыруы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

3. Бурабайды дамытуға 61 млрд тг жұмсалады [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://kursiv.kz/news/finansy/2018-05/61-mlrd-tenge-vydeleno-na-razvitie-kurorta-borovoe>
4. Бес жылдан кейін Қазақстанға келетін шетелдік туристер саны 8 млн-ға жуықтайды [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://24.kz/kz>
5. Бурабай әкімінің ресми сайты [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: burabay.akmo.gov.kz/?lang=ru
6. Астананың мерейтойы – барша қазақстандықтар абыройы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://egemen.kz>